Сот органдары және оның құқықтық мәртебесі (75-баптың 1-4 тармақтары, 76-баптың 1-тармағы, 81-бап). Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» – деп көрсетеді. Демек, баптың аясында көріп отырғанымыздай басқа қандай да бір орган болмасын сот билігін жүзеге асыруға ешбір құқысы жоқ. Сот төрелігі - адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың аса маңызды құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы [3]. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Сот әділдігі сот мәжілісінде, біріншіден, азаматтық істерді қарау және шешу болса, екіншіден, қылмыстық істерді қарау, сотталушының кінәсі бар жоқтығы туралы мәселені анықтау, кінәлі адамдарға жаза қолдану немесе кінәсіздерді ақтау жолымен жүзеге асырады.

Сот билігі істі қарау кезінде кімге тиесілі – нақты судьяға ма әлде сот мекемесіне ме деген сұрақ талқыға түскен болатын. Б.А. Страшун және Л.А. Мишин «сот билігі құқық қоғамдық қатынастарға ықпал ету құралы ретінде барлық сот органдарының жиынтығына жүктелген, әрбір сот органы сот билігін ұстаушылар болып табылады» - деп есептейді. Ал С.А. Чиркиннің пікірінше, «сот билігі сот мекемесіне емес, сот рәсімінде белгіленген талаптарға сәйкес істі қарайтын сот алқасына тиесілі». Осы пікірді С.А. Пашин де айтады, яғни «сот билігі құқық қолдану және өз құзыреті шегінде істерді қарайтын органдарды білдіруші, заңдарды қолдану мәселелері бойынша басшылыққа алынатын түсіндірмелер беруші және істің соттылығын өзгерту туралы мәселені шешуші құқық ретінде соттарға тиесілі. Жеке судья, егер ол соттың атынан әрекет жасай отырып, белгіленген іс жүргізу тәртібімен істі қараса немесе жекелеген мәселелерді шешсе, сот билігінің өкілеттігін іске асырады» [4]. Алайда, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңның 1-бабында «Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі» – деп, бұл мәселені шешіп берді.

Судьялардың құқықтық мәртебесін бекітетін негіздер (79-бап, 77-баптың 1-тармағы). Судьялардың тәуелсіздігінің қамтамасыз етудің негізгі кепілі, олардың дербестігі болып табылады. Судьяның тәуелсіздігі судьялардың орнынан ауыспайтындығы, оған ешкімнің тиіспеушілі, олардың өмір бойына тағайындалуымен қамтамасыз етіледі [5]. Судья Конституциямызға сәйкес «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады». Демек, судья ешкімге есеп бермейді, істі шешу барысында өзінің құқықтық білімі мен ішкі сеніміне және заңдарға сүйене отырып шешеді. Судья қызметіне қойылатын талаптар Ата Заңымызға былайша көрініс тапқан: «Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін». Ресей Федерациясы Конституциясының 119-бабына сәйкес «Ресей Федерациясының жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар және заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар азаматы судья бола алады» – деп көрсетілген. Ата заңымызда көрсетілген судья қызметіне кандидаттарға қойылатын жас мөлшері талабы қаншалықты тиімді? Біздің пікірімізше, әділеттіліктің жаршысы болған судьяға қойылар талаптың жоғары болғаны дұрыс деп ойлаймыз. Себебі, жиырма бес жасқа толған адамның өмірлік тәжірибесінің де, біліктілігінің де, жұмыс стажының да аз болатыны заңды. Сол себепті, судьяларға қойылатын жас мөлшері талабын 35 жасқа көтеру тиімді деген пікірдеміз. Сонымен қатар, елімізде судьяны өмір бойына тағайындау бекітілген. Бұл судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ судьяларды бірінші рет барынша қысқа мерзімге тағайындап, содан кейін барып оларды тұрақты мерзімге тайындау жөнінде айтылуда. Мысалы, 1992 ж. 28 маусымдағы «Ресей Федерациясындағы судьялардың мәртебесі туралы» РФ заңының 11-бабына сәйкес аудандық халықтық соттардың судьялары, гарнизондардың (армия, флотилия, құрамалар) әскери соттары судьялары бірінші рет үш жыл мерзімге тағайындалады, бұл мерзім аяқталғаннан кейін сол лауазымға шексіз мерзімге тағайындалуы мүмкін [6]. Ғ.Сапарғалиев «судьялардың өкілеттіктерінің өмір бойылығын 10 жылдық мерзімге ауыстыру қажет. 10 жыл мерзім өткеннен кейін қайта аттестациялау жүргізіледі. 20 жыл мінсіз қызмет еткеннен кейін ғана өмір бойы мерзіміне тағайындауға болады» – деген пікірді айтады [7].

Сот билігін жүзеге асыру нысаны (75-баптың 2-тармағы). «...Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады». Яғни қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының талаптарына сәйкес күрделі істерді қарауды жүзеге асырады. Алқабилер – сотталушы

мен айыпталушының ісін қарауда, заңда көрсетілген нормаларға сүйенбей-ақ, істің мән-жайын толығымен қарай отырып «вердикт» шығарады [8].

Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Соттарды қаржыландыру негіздері. Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Осы тұста Е.Қ. Қаржаубаев «...соттардың жергілікті бюджетке қосып жатқан үлесін еске ала отырып, азаматтық және шаруашылық даулар арқылы алынып жатқан баж салығының белгілі бір бөлігін (10%) соттардың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсаттарында жұмсаудың мүмкіндіктерін қарастырған жөн», – деген пікірді ұсынуда. Қорытындылай келе, құқықтық мемлекетті құру жолында әлі де болса көптеген іс-шараларды жүзеге асыру баршамыздың міндетіміз болып табылады.

1. Қаржаубаев Е.Қ. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 32-33 бб.

2. Қаржаубаев Е.Қ. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 34 б.

3. Алиев М.М. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары. – Астана, 2004. – 24 б.

4. Алиев М.М. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары. – Астана, 2004. – 16-17 бб.

5. Дьяченко С. А. Реформирование судебной системы Казахстана: реальность и перспективы.

6. Қаржаубаев Е.Қ. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 19 б.

7. Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Э., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.

8. Қаржаубаев Е.Қ. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 46 б.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы сот билігінің конституциялық негіздері және осы саладағы ғалымдардың көзқарастары салыстырыла отырып талданған.

Резюме

В этой статье рассматриваются конституционные основы судебной власти в РК и сделан сравнительный анализ точек зрения ученых в этой сфере.

Summary

This article is about the constitutional bases of court power of RK and was given comparative analysis the views of scientifics in this area.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ УГОЛОВНОЕ ПРАВО И УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОНЯТИЯ МНОЖЕСТВЕННОСТИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Ш.Б. Маликова – к.ю.н., доцент кафедры уголовного права,
уголовного процесса и криминалистики, КазНУ им. аль-Фараби,
Д.Б. Маликов – следователь СО ОП при УВД Алмалинского района

Случаи, когда одно и то же лицо совершает несколько преступлений, представляют повышенную общественную опасность. Во-первых, объективно может быть причинен больший вред охраняемым уголовным законом общественным отношениям. Во-вторых, нередко расширяется сам круг общественных отношений, которым причиняется вред, если преступления, совершенные одним и тем же лицом, посягают на разные объекты. И, наконец, факт совершения не одного, а нескольких преступлений, свидетельствует, как правило, о наличии у преступника стойкой антиобщественной направленности, что требует при прочих равных условиях более интенсивного применения к нему мер уголовно-правового воздействия.

Поэтому, научная разработка понятия множественности преступлений, определение его содержания и объема является актуальной, ибо введение его в действующее уголовное законодательство, возможно, только после того, как доктрина четко определит его существенные признаки и объем содержания

В уголовно-правовой науке пока не выработано единообразного подхода к трактовке понятия множественности преступлений. Так, по мнению А.М. Яковлева, «понятие множественности преступных деяний находит свое конкретное воплощение в понятиях повторности, рецидива и совокупности преступлений» [1, с. 5]. В этом высказывании характеризуются, по существу, лишь формы проявления множественности преступлений, но не раскрываются существенные признаки рассматриваемого уголовно-правового понятия, его содержание и объем.

Г.Т. Ткешелиадзе множественность преступлений характеризует как случаи совершения одним лицом «двух и более преступлений» [2, с. 10].

Г.Г. Криволапов под множественностью преступлений понимает совершения одним лицом «нескольких преступлений и соответствием содеянного признакам не менее двух самостоятельных составов преступлений» [3, с. 8]. Указание на совершение одним и тем же лицом двух и более либо нескольких преступлений, как на существенный признак множественности преступных деяний, является правильным и необходимым, так как этим подчеркивается то общее, что характерно для всех случаев проявления множества преступлений.

Однако характеристика рассматриваемого понятия будет неточной и неполной, если при этом ограничиться только показом указанного признака. Дело в том, что не каждый случай фактического совершения лицом двух и более преступных деяний охватывается уголовно-правовым понятием множественности преступлений. В частности, не охватываются этим понятием случаи совершения нового преступления лицом после погашения или снятия судимости за предшествующее преступление либо по истечении срока давности привлечения к уголовной ответственности за ранее совершенное преступление, либо при наличии актов об амнистии и помиловании по какому-либо из деяний, а также когда по одному или нескольким деяниям имеются процессуальные препятствия для возбуждения уголовного дела (отсутствие жалобы потерпевшего по делам, возбуждаемым не иначе как по его жалобе).

Поэтому в определении понятия множественности преступлений, помимо указанного названными авторами признака, должны найти отражение также и другие существенные признаки, позволяющие наиболее полно охарактеризовать социальное и правовое содержание рассматриваемого понятия.

Иную трактовку понятия множественности преступлений дает В.Н. Кудрявцев. По его мнению, «множественность преступлений характеризуется тем, что все совершенное не охватывается одной нормой Особенной части, предусматривающей единичное преступление...» [4, с. 242]. Однако такой признак множественности, как содеянное не охватывается одной нормой Особенной части, свойствен не всем ее разновидностям, а только тем ее случаям, которые подпадают под различные статьи уголовного закона и охватываются понятием совокупности преступлений.

Поэтому признак, что все совершенное не охватывается одной уголовно-правовой нормой Особенной части, не может рассматриваться в качестве существенного признака множественности преступных деяний и его не следует называть в определении исследуемого понятия.

«Под множественностью преступных деяний следует понимать стечение нескольких правонарушений, предусмотренных уголовным законом, в поведении одного и того же лица. При этом каждый из актов общественно опасного поведения субъекта обязательно должен представлять собой самостоятельный состав преступления» [5, с. 8]. Данное определение понятия множественности представляется не совсем удачным. Термин «стечение в поведении» подчеркивает скорее момент одновременности ответственности лица за несколько преступлений, которая, однако, имеет место не при всех случаях множественности преступных деяний, а лишь при таких ее видах, как совокупность, неоднократность, систематичность и промысел. Понятием стечения преступлений не охватываются случаи совершения лицом нового преступления после полного отбытия наказания по предыдущему приговору при наличии у него неснятой и непогашенной судимости. По мнению Б.М. Леонтьева, И.М. Тяжковой «множественность преступлений предполагает совершение одним лицом двух или более преступлений, влекущих за собой уголовную ответственность» [6, с. 498].

Данное определение, в целом, правильно раскрывает содержание анализируемого понятия, но представляется весьма общим. В нем не нашел отражения ряд существенных признаков, по которым производится отграничение множественности преступлений от иных смежных понятий.

А.В. Наумов определяет множественность преступлений как «совершение одним и тем же лицом двух или более преступлений, влекущих за собой уголовно-правовые последствия» [7, с. 319]. При такой трактовке исследуемого понятия весьма удачно показывается, что ее образуют не только случаи совершения лицом нескольких разнородных преступлений, но и одинаковых, а также, как до привлечения виновного к уголовной ответственности, так и после осуждения за предыдущее деяние.

«В теории советского уголовного права понятием множественности преступлений, – пишет Б.А. Куринов, – охватываются случаи совершения лицом двух или более преступлений, по которым не погашена судимость и не истекли сроки уголовного преследования» [8, с. 159]. В данном определении, хотя и не полно, показываются признаки исключающие множественность преступлений.

Весьма перспективной представляется трактовка понятия множественности преступлений, предложенная Н.И. Загородниковым и Н.А. Стручковым. Множественность преступлений они характеризуют как сложное образование, состоящее из самостоятельных элементов – преступлений. Она проявляется в одновременном или последовательном совершении нескольких преступлений. В первом случае имеет место идеальная совокупность, во втором – повторение преступлений в виде неоднократности (включая повторность в буквальном смысле, систематичность, некоторые случаи совершения преступлений в виде промысла) и реальной совокупности преступлений. По их мнению, неоднократность преступлений, усложненная фактом судимости, становится специальным рецидивом, а совокупность – общим рецидивом [9, с. 54].

Такая трактовка позволила авторам указать на моменты одновременности или последовательности совершения лицом преступлений, образующих множественность деяний. Однако, по нашему мнению, нецелесообразно указывать формы и виды проявления множественности, как это сделано в анализируемом определении.

В.П. Малков дает более подробное определение множественности: «понятие множественности преступлений можно определить как влекущие за собой юридические последствия случаи, когда лицо совершает одновременно или последовательно несколько преступлений до привлечения к уголовной ответственности, либо вновь совершает преступление после осуждения за предыдущее, если при этом хотя бы по двум из учиненных преступных деяний не погашены (не сняты, не истекли) уголовно-правовые последствия, а также не имеется процессуальных, препятствий к возбуждению уголовного дела» [10, с. 12]. Однако, такое широкое определение множественности преступлений вряд ли оправдано. По нашему мнению, рассмотрение признаков, которые исключают множественность преступлений, требует самостоятельного рассмотрения.

Ю.А. Красиков, определяя понятие множественности, характеризует ее как случаи, когда виновное лицо одним или несколькими последовательно совершенными деяниями выполняет несколько составов преступлений [11, с. 6]. По нашему мнению, данное определение множественности значительно сужает круг деяний, которые подпадают под формы множественности, в частности исключает идеальную совокупность из числа множественности.

С учетом изложенных выше положений, нам представляется, что понятие множественности преступлений можно определить как случаи совершения лицом двух или более преступлений, если по ним не погашены юридические последствия или нет процессуальных препятствий к уголовному преследованию.

1. Яковлев А.М. *Совокупность преступлений по советскому уголовному праву* – М.: Государственное издательство юридической литературы, 1960 г. – 120 с.
2. Ткешелиадзе Г.Т. *Ответственность при совокупности преступлений по советскому уголовному праву*. Автореф. канд. дисс. – Тбилиси, 1961 г. – 114 с.
3. Криволапов Г.Г. *Множественность преступлений по советскому уголовному праву* – М.: Академия МВД СССР, 1974 г. – 132 с.
4. Кудрявцев В.Н. *Общая теория квалификации преступлений* – М.: Юрист, 1999 г. – 304 с.
5. Фролов Е.А., Галиакбаров Р.Р. *Множественность преступных деяний как институт советского уголовного права* – Свердловск: Типография издательства «Уральский рабочий», 1967 г. – 205 с.
6. Леонтьев Б.М., Тяжкова И.М. *Множественность преступлений // Курс уголовного права. Общая часть. Том 1: Учение о преступлении* – М.: Издательство Зерцало, 1999 г. – 532 с.
7. Наумов А.В. *Российское уголовное право. Общая часть* – М.: Издательство БЕК, 1996 г. – 560 с.
8. Куринов Б.А. *Научные основы квалификации преступлений* – М.: Издательство МГУ, 1976 г. – 320 с.
9. Загородников Н.И., Стручков Н.А. *Направления изучения советского уголовного права // Советское государство и право* – 1981 г., №7 – 168 с.
10. Малков В.П. *Множественность преступлений и ее формы по советскому уголовному праву* – Издательство Казанского университета, 1982 г. – 176 с.
11. Красиков Ю.А. *Множественность преступлений (понятие, виды, наказуемость)* – М., 1988 г. – 207 с.

АДАМДЫ САТУ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖІКТЕЛУІ

Г.М. Адилшина – з.ғ.к., доцент, Заң факультетінің «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік Университеті, Ақтөбе қаласы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында мемлекеттің жоғары құндылықтары адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жарияланған [1].

Соған қарамастан, адамның жалпыға танымал құқықтарының бұзылуы өте өзекті мәселе. Соның ішінде, қазіргі кездегі адам құқықтары бұзылу нысандарының ең қауіптілерінің бірі – адам саудасы және құлдық.

Әр жыл сайын дүние жүзі бойынша 4 миллионға жуық адам құлдыққа сатылады. Алдап-арбау жолымен өз Отандарынан сырт мемлекеттерге әкетіліп, тегін жұмыс күші ретінде немесе жезөкшелікпен айналысуға итермелеу жағдайларын қазіргі заманның құлдығы дегеннен басқаша атау мүмкін емес.

Қазіргі таңда адам саудасы мен құлдық глобалды масштабты иеленуде және трансұлттық қылмыстың құрамдық бөлігі болды.

Адам саудасының себептері өте көп. Адам саудасының таралу себептері – бұл ішкі және сыртқы факторлар. Адамды сатудың таралуына себеп болатын келесі жағдайларды бөліп көрсетуге болады:

- өмір сүрудің төмен дәрежелігі және жұмыссыздық;
- заңнаманың жетілмегендігі;
- жұмысқа тұрғызу агенттіктері, неке конторлары мен саяхат фирмаларының жұмысына қажетті бақылаудың болмауы;
- жоғары жалақыға уәде беретін және жұмыс тәжірибесін талап етпейтін жалдаушылардың белсенді жұмысы;
- тұрғындардың көп бөлігі шетелге миграциясын өзінің әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешудің жолы деп ойлауы;
- өз елінде өзін тұрақтандыруға мүмкіндіктің болмауы;
- адамгершілік қасиеттерінің өзгеруі көп адамдарды бөтен аумақта ақша табудың қауіпті жолдарын іздеуіне итермелейді;
- адам саудасы – бұл өте пайдалы қылмыстық бизнес, онда күн сайын адамдар саны көбейеді және одан бас тарту өте қиын [2; 44-45].

Қазақстандағы адам саудасы тұрақты кеңеюге тенденциясы бар. Адам саудасының негізгі құрбандары тұрғындардың әлеуметтік қамсызданбаған тұлғалары.

Адам саудасы бірнеше фазалар мен кезеңдерден тұрады. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының түрлері болады. Мәселен, адамды иеленудің түрлері мақсаты бойынша былайша бөлінеді:

а) болашақта сату мақсатымен (қайта сату);

ә) тікелей пайдалану мақсатында [3; 59-63]

Адам саудасы мен құлдық қылмыстарының ең көп тараған түрі – әйелдер мен балаларды сату, оларды әр түрлі нысандар мен мақсаттарды пайдалану.

Балалар саудасының жағдайына талдау жасағанда, бұл жағымсыз құбылыстың көпқырлылығы мен ұлттық ерекшелігі бар екенін көреміз, сондай қылмыстардың бірі коммерциялық мақсатта заңсыз бала асырап алу. Әрине, баланы асырап алу мақсаты түзу ниетпен туып жатса, бұдан отбасын тапқан бала да, жаңа ата-аналар да, қоғам да ұтады. Ал, егер асырап алу баланы тірі тауарға айналдыру, жыныстық қатынасқа пайдалану, не дене мүшелерін алу мақсатын көздесе, бұл қылмыстарды әшке-релеу қиынға соғады.

Бүгінде аналардың өз туған баласынан бас тартуы жиі кездесетін жәйтке айналды. Осындай «аналар» баласын сатуды материалдық жағынан тиімді әдіс ретінде пайдаланады. Шетелдіктердің балаларды асырап алуына келетін болсақ, оларға негізінен денсаулығы нашар, туысқандары жоқ балаларды асырауға рұқсат беріледі, кейде тиісті талаптарды сақтамай құзыретті органдардың, медициналық қызметкерлердің баланың медициналық құжаттарында жалған диагноздар қою арқылы дені сау балаларды шетелдік ата-аналардың асырауына рұқсат рәсімдеген жағдайлар да кездесіп қалады [4; 75].

Қазіргі заманда балаларды саудалаудың негізгі түрлері мынадай: 1) заңсыз бала асырап алу; 2) жыныстық мақсатта қанау; 3) кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы не қылмыстық әрекеттерді жасауға тарту; 4) бала еңбегін қанау; 5) баланы порнографияның объектісі ретінде пайдалану; 6) баланы қарулы қақтығыстарда пайдалану; 7) баланы органдар мен ұлпалардың доноры ретінде пайдалану.

АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің деректері бойынша, жыл сайын мемлекеттік шекара арқылы 700 мыңнан астам адамдар, негізінен әйелдер мен балалар сатылады және өткізіледі [5; 84-86].

АҚШ мемлекеттік хатшысы К.Пауэлдың 2003 жылғы 11 маусымдағы баяндамасына сүйенсек, жыл сайын адам саудасының объектілері 800-900 мың адамды құрайды, олардың 20 мыңы АҚШ-қа келеді. 5 жасар қыздарды жезөкшелікке пайдалану мақсатында, ал 11 жасар ұлдарды қарулы жасаққа, солдат немесе боевиктерге еріксіз еңбек жасау үшін сатады. С.Стокердің баяндамасына сәйкес, А.Ботти еңбегіне сілтемеде үйінен алынып, құлдыққа сатылатын адам саудасының көлемі, соның ішінде балалар саудасы дүние жүзінде 1 млн. адамға жетеді [6; 11].

Трафик құрбандары виза, төлқұжатсыз өмір сүреді, жұмыс істейді, яғни заңсыз (және құқықсыз) мигранттар болады. Халықаралық Миграция ұйымы өкілдігінің бағалауына сәйкес Қазақстанда 1999 жылы әйелдер трафигі 5000 адамды құрады. Нәтижесінде қазіргі заманның жаһанды экономикасындағы «тұлғаны тауарландыру» әйелдер мен балалар саудасын ешбір құқықтық және гуманитарлық қорғаусыз мүмкін етеді. Бұған жоғары дәрежеде Интернет арқылы адам капиталының бақылаусыз және интенсивті қозғалысы мен басқа да шексіз және ойсыз глобализацияның негативті салдары әсер етеді. «Тұлғаларды тауарландыру» идеясы Д.Стуклстың «әйелдерді тауарландыру» концепциясында посткеңестік елдерде алғаш айтылған. Әйел сатушы немесе жезөкше иеленушісінің бақылауына түссе, оны пайдалану үлкен пайда алып келеді. Жезөкше иеленушілері сатылған әйелге төленетін ақшадан 5-тен 20 есе пайда көреді. Әйелдердің қоғамдық ұйымдарының бағалауы бойынша жұмыссыз жас әйелдердің 2/3 заңсыз жеңік құмарлық бизнеске тартылады. Орталық барлау басқармасының бағалауы бойынша тірі тауарды сатудың тек 2%-ы ерлерге келеді [7; 294].

Стивен Р.Галстер, Тірі қалудың Жаһанды Жүйесінің директоры, жеңік құмарлық саудасына тартылған әйелдер мен қыздардың 4 типін көрсетті [8; 14]:

– алдаумен және дөрекі күштеумен тартылған;

– болашақ қызметі туралы жартылай немесе нақты емес хабардар болды, яғни жалдаушылардың сөзі бойынша ашына қызметті қоспайтын;

– қызметінің типі туралы толық хабардар етілген, бірақ қарыздық тәуелділіктен және материалдық өмір сүрудің альтернативті қайнар көздерінің болмауынан онымен айналысқан (саудагерге барлық жағдайды бақылауға және бастама етуді сеніп тапсырған);

– дұрыс хабардар етілген және өз міндеттерін орындауда ешбір ыңғайсыздықты сезінбейтін және өз кірісін өзі бақылайтын. Бұл категория жүріп-тұруға еркін болды және заңсыз саудаға фактілі түрде жатпады.

1997 жылғы 24-26 сәуірде Гаагада Нидерландық басшылықтың бастамашылығымен Еуропалық Одақтың басшылығымен өткен еуропалық министрлік конференциясы болды. Онда әйелдерді жеңік құмарлық мақсатта пайдалану үшін сатумен күрес және оның алдын алудың тиімді шаралары бойынша еуропалық ұсыныстарының Гаагалық министрлік декларациясы қабылданды.

Бұл декларация әйелдерді сату «әйелдерді пайда табу мақсатында жеңік құмарлыққа пайдалану үшін мәжбүрлеу арқылы, көбінесе зорлық, қорқыту немесе алдау, қызмет бабын теріс пайдалану немесе басқа да қысым арқылы, соның нәтижесінде тұлғаның көнуден басқа ешқандай таңдауы болмайтындай мемлекет аумағына ашық немесе заңсыз кіргізу, өткізу, келу немесе шығару» деп анықтама береді.

Әйелдерді сатудың белгілеріне мынадай жағдайларды жатқызуға болады:

- егер әйел жезөкшелікпен айналысатыны туралы білмеген немесе қандай жағдайда жұмыс істейтіні туралы алданған болса;
- егер әйел жезөкшелікпен айналысуына жеке шешімін қабылдауға еркіндігі болмаса;
- егер әйелді тапқан ақшасын беруге мәжбүрлейтін болса;
- егер әйел өз табысын иелене алар алдында бірінші уақытта төлеп құтылу қажет қарызбен салмақ салынған болса және өз төлқұжатын қайтарып алар алдында өз қызметін тоқтатуы туралы шешімді еркін қабылдай алатын болса;
- егер әйел тұрақты басқа тұлғалардың бақылауында болса;
- егер әйелге еркін жүріп-тұруына немесе басқа тұлғалармен қатынаста болуына шек қойылса;
- егер әйел кейбір клиенттерді қабылдамауға немесе кейбір жеңік құмарлық байланысының жеке түрлеріне қарсы наразылық білдіре алмаса.

Сонымен қатар әйелді сату – бұл зорлық көрсетудің нысаны ғана емес, ол адамның негізгі құқықтарының бұзылуы. Бұл феноменді және онымен күресуді осы мағынада қарастыру қажет [9; 5].

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.*
2. *Балабаева Н. Унесенные в неволю. Мысль. 2006 г., №3, 44-45 б.*
3. *Репецкая А. Торговля людьми. Социокримнологический анализ. Центр по изучению транснациональной преступности и коррупции. Academia, – М., 2002 г. 59-63 б.*
4. *Милевский А.И. Уголовно-правовая борьба с торговлей несовершеннолетними. Дисс. к. ю. н. / Московская академия МВД РФ. – М., 2000 г. – С. 75.*
5. *Первый доклад Государственного Департамента США о торговле людьми в странах мира. 2001 г. – 84-86 б.*
6. *Торговля людьми. Социокримнологический анализ. Центр по изучению транснациональной преступности и коррупции. Academia, – М., 2002 г. – 10-11 б.*
7. *Габов Ю.А. «Незаконная миграция и торговля людьми». Миграционные потоки и национальный консенсус, №200 Караганда Би. 2005 г. – 293-294 б.*
8. *Тлегенова Г.А., Токтыбаева К.А. Трафик людей: информация как предупреждение. – Алматы, 2002. – 13-14 б.*
9. *Ахметова С.Н. Нет работорговле. Юридическая газета, 25.01.2007 г.*

Резюме

Анализ ответственности за торговлю людьми в международном праве и уголовном законодательстве Казахстана.

Summary

The analysis of responsibility for human traffic in international law and the criminal legislation of Kazakhstan.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ САТЫСЫНДА ПРОЦЕСКЕ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Э.П. Кенжибекова – з.ғ.к., құқық және экономика институты,
Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Жалпы сотқа дейінгі сатылар істі қозғау, тергеу және шешу сияқты бірнеше сатылардан өтеді. Соның бірі қылмыстық істі қозғау сатысы. Аталған саты қылмыстық іс үшін бастапқы, қажетті, міндетті болып табылады. Бұл жөнінде ҚІЖК-нің 23-тарауы 177-190 баптар аралығында айтылған. Соңғы уақытта қылмысты тергеу мен ашу барысында қатысушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету маңызды мәселелердің бірі болып келеді. Бұл мәселені көптеген авторлар, негізінен, алдынала тергеу мен сот талқылуындағы сот тергеуіне қатысты қарастырады.

Ал, ҚІЖК-ң 183-бабының 1-тармағына сай, қылмыстық ізге түсу органы кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арызды немесе хабарды қабылдауға, тіркеуге, қарауға міндеттілігін, сонымен бірге, арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжатың берілетіндігі

жөнінде көрсетілген. Сондықтан, осы аталған сатыда қылмыс туралы келіп түскен, әрбір арыз немесе хабарлама алдын-ала тексеруден өткізілуі тиіс. Себебі, қылмыстық ізге түсу органдары осы алдын-ала тексеруді жүзеге асыру арқылы қылмыстық істі қозғау немесе одан бас тарту туралы мәселені шешеді. Осыған орай қылмыстық істі қозғау сатысында қылмыс туралы түскен арыздар мен хабарларды алдын-ала тексеру және қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу барысында бұзылатын заңдармен қатар, қатысушылардың құқықтары да бұзылады.

Қылмыс белгілері көрсетілген, арыздар мен хабарларды алдын-ала тексеру қылмыстық ізге түсу органдарының қызметі. Бұл қызмет іс бойынша фактілі деректерді алуға бағытталады. Және сол алынған фактілі деректер қылмыстық іс қозғау немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы мәселені негізді түрде шешу үшін қолданылады. Жалпы алдын ала тексеру қылмыс белгілері анық емес белгісіз болғанда және зерттеуді талап еткен жағдайларда жүргізіледі.

Ондай әрекеттерге мысалы алаяқтық, қорқытып алу, есірткі, жүйкеге әсер ететін заттарды және қару-жарақты заңсыз айналымға салуға байланысты және экономика саласындағы қылмыстарды жатқызуға болады.

Қылмыс туралы арыз бен хабарламаны алдын-ала тексерудің мәні жөнінде әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Мысалы, А.Н. Васильев «алдын-ала тексеру іс бойынша материалдарды талап ету және түсініктемелер алумен шектелетіндігін сонымен бірге, бұл сатыда дәлелдемелердің алудың мүмкін емес екендігін көрсетеді» [1]. Ал қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша «дәлелдеме болып анықтама мен алдын-ала тергеу жүргізу немесе сот талқылауы барысында заңда көрсетілген тәртіппен алынған фактілі деректердің табылатындығы көрсетілген» [2]. Осы фактілі деректердің негізінде қылмыс оқиғасының бар жоқ екендігін, тұлғаның кінәсін және іске қатысы бар өзге де мән-жайларды анықтауға болады. Бірақ, тәжірибеге (практика) жүгінетін болсақ, алдын ала тексеру жүргізудің барысында дәлелдеуге жататын мән-жайлар немесе іс бойынша алынатын объектілер анықталуы мүмкін. Және олар процесуалдық рәсімдеуден кейін тікелей дәлелдеме болып табылады.

Сонымен бірге, «қылмыс туралы арыз бен хабарламаны алдын ала тексеру қылмыстық істі қозғау сатысының бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады» [3].

Алдын ала тексерудің мазмұнына әсіресе жоғарыда аталған санаттағы қылмыстар бойынша мынадай әрекеттер жатады: мысалы ведомстволық, криминалистік сараптама бөлімдерінде объектіні алдын ала зерттеу, заттар мен құжаттарды талап ету және т.б.

Алдын ала тексеруді жүргізу кезінде қылмыстық ізге түсу органдары заңдылықтың сақталуы мен процеске мүдделі тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында келесі талаптарды орындауы тиіс;

- алдын ала тексеру мерзімінің сақталуы;
- алдын ала тексеру мәліметтерін жарияламау;
- тергеу әрекеттерін жүргізуге тиым салу.

Көзделген талаптарды сақтамау қылмыстық іс бойынша іске мүдделі тұлғалардың құқықтарының бұзылуына және қылмыстық іс қозғау немесе одан бас тарту туралы әділетсіз шешімнің шығарылуына әкеп соғады.

Жоғарыда аталған талаптардың қай-қайсысы болмасын қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселесіне тікелей қатысы бар.

ҚІЖК-нің 184 бабында қылмыс туралы түскен арыздар мен хабарламаларды тексеру мерзімдері көрсетілген. Онда мәліметтерді алдын ала тексеру жүргізу үшін 3 тәулік, қажет болған жағдайларда 10 тәулік, ал ерекше жағдайларда 1 ай уақыт мерзімдері бекітілген. Меніңше алдын ала тексерудің неғұрлым ұзағырақ мерзімі қылмыс іздерінің жоғалуына, істің ашылуының күрделенуіне және алдын ала тергеудің өзге де міндеттерінің шешілмей қалуына әкеп соғады. Сонымен қатар, тәжірибе (практика) бойынша көптеген жағдайларда жәбірленушінің шағымы заңда көзделген мерзім ішінде қарастырылмайды. Яғни осы жағдайдың салдарынан жәбірленушінің құқығы бұзылады.

Алдын ала тексеру жүргізудің кезінде оның мәліметтерінің жарияланбауын қамтамасыз ету керек. Мұның қажеттігі тексеру жүргізіліп отырған сезіктіге тікелей қатысты. Себебі, ол қылмыс іздерін жою немесе куәларды қорқыту, алдау сияқты шараларды қолдануы мүмкін. Сондықтан, алдын ала тексеруді жылдам және құпия түрде жүргізу, куә мен жәбірленушіні сезікті мен қылмыскер тарапынан келтірілетін қылмыстық әрекеттерден сақтауға оларды қауіпсіздендіруге мүмкіндік жасайды.

Алдын ала тексерудің мәліметтерін жариялау тексеру жүргізіліп отырған сезіктіге қатысты моральдық зардап келтіруі мүмкін. Неге десеңіз, оған қатысты қылмыстық іс қозғалуы да, қозғалмауы да мүмкін. Қозғалмаған жағдайда оның атағына зиян келтіріледі.

Алдын ала тексеру жүргізу кезінде тергеу әрекеттерін жүргізуге тиым салынған. Алдын ала тексеру кезінде белгілі бір шектелген әрекеттерді ғана жүргізуге болады. Оларға «тексерілетін әрекетке қатысы бар мән-жайлар мен іс материалдарды тексеру, объектілерді алдын ала зерттеу, құжаттарды және өзге де мәліметтерді сұрату мен талап ету, ведомстволық тексеру жүргізу, азаматтар мен лауазымды адамдардан түсініктемелер алу және т.б. жатады» деп көрсетілген [4]. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына жүгінетін болсақ, ерекше жағдайларда ғана тексеру мен сараптама тағайындау әрекеттерін жүргізуге жол беріледі.

Тәжірибеге келетін болсақ мынадай жағдайлар бар қылмыстық іс қозғалғанға дейін затты алудың бір түрі ретінде тінту жүргізіледі, ол әрине, адамның тұрғын үйге қол сұқпаушылық құқығын бұзады. Және жиі кездесетін жағдай қылмыстық ізге түсу органдары белгілі бір азаматты ұстағаннан кейін тексеру жүргізеді, ол шын мәнінде тергеулік тексеру деп аталады, ал оның нәтижесі табу мен алу хаттамасы арқылы рәсімделеді.

Алдын ала зерттеу жүргізу өндірісі дегеніміз ол белгілі бір объектіні криминалистік сараптама бөлімінде арнайы маманның зерттеу жүргізуі болып табылады. Осы зерттеудің нәтижесінде анықтама беріледі және ол қылмыстық істі қозғауға негіз болып табылады. Алдын ала зерттеу сараптамалық зерттеу болып табылмаса да оның жүргізілуіне маман жауаптылықпен қарауы тиіс, себебі, ол объекті бойынша әділетсіз берілген анықтама іс қозғау туралы негізсіз шешім шығаруға әкеп соғады.

Кейбір жағдайларда алдын ала зерттеу жүргізуді кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда болады ол, мысалы: тергеу мен анықтама органдарына әкелінген адамды әкімшілік тәртіппен 3 сағаттан артық емес уақытқа дейін ұстауға болады, ал ҚДЖК-нің 132-бабына сәйкес ұстау және қылмыстық істі қозғау туралы мәселелерді шешу кейінге қалдырылмайтын жағдай болып табылады. Үш сағат өткеннен кейін тиісті тұлға босатылуы тиіс немесе арнайы сезікті ретінде ұсталуы тиіс.

Осыған орай қатысушы мүдделі тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында қоғамға қауіптілігі шағын онша ауыр емес жеңіл әрекеттер бойынша тұлғаны ұстау орынсыз сияқты, себебі алдын ала зерттеуді алдын ала тексеруге арналған уақыт ішінде де жүргізуге болады.

Объектіні алдын ала зерттеуден өткізу барысында, сарапшы заттай дәлелдемелердің жоғалмауын немесе бұзылмауын қамтамасыз етуі тиіс. Себебі бұл зерттеуден кейінгі зерттеулер жүргізілуі де, жүргізілмеуі де мүмкін. Ол зерттеудің нәтижесінде алынған анықтамаға байланысты болады.

Алдын ала зерттеудің процесуалдық емес сипатқа ие болуына және «қылмыстық іске тіркелемсін» деген белгіге қарамастан тергеушілер кейбір жағдайларда анықтаманы сарапшының қорытындысы ретінде іс материалдарға қоса тіркейді. Оның нәтижесі заң бұзушылыққа әкеп соғады.

Қорыта келе жоғарыда айтылған қылмыстық іс қозғау сатысында болған және дайындалып жатқан қылмыс туралы арыз бен хабарламаны алдын ала тексеру кезінде процеске мүдделі тұлғалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге байланысты мәселелер мұнымен тәмамдалмайды және болашақта оның әрмен қарай өңделуі мен дамуы талап етіледі.

1. Васильев А.Н. Сборник материалов международной конференции. МЮИ. 1999. – С. 101.
2. Лупинская П.А. Уголовный процесс. – М.: Юрист, 1995. – С. 136.
3. Ерешев.Е.Е., Патсаев У. // Право и государство, №3 1998. – С. 45.
4. Комментарий к УПК РСФСР. – М.: Юридическая литература, 1985. – С. 200.

Резюме

В данной статье автором рассматриваются актуальные проблемы обеспечения конституционных прав и свобод участников досудебного производства.

Summary

In given article by the author it is considered actual problems of maintenance of constitutional laws and freedom of participants of pre-judicial manufacture.

С.Ш. Даубасова – аға оқытушы, Заң факультеті, қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Дипломатиялық қызмет шеңбері, әрбір қызмет аясы сияқты, реттелінуге жататын жәйт. Осыған қатысты дипломатиялық құқық мәселесі туындайды.

Халықаралық құқық ғылымдарында дипломатиялық құқыққа қатысты әртүрлі анықтамалар беріледі. Солардың біріне мына анықтама кіреді:

Дипломатиялық құқық – мемлекеттің дипломатиялық өкілдердің құқықтық жағдайы мен қызметін реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар жиынтығы деп көрсетеді ғалым [1].

Біздің айтуымызша дипломатиялық құқық – ол халықаралық құқықтың нормалары мен реттелетін мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің жүріс-тұрысы, мінез-құлқының жинтығы. Бұл анықтама басқа анықтамаларға толықтыру ретінде беріліп отыр.

Құқықтың бұл түрі мемлекеттің елшілік қызметін жүзеге асыру үшін қажет. Елшілік құқығының екі түрі бар: елшіліктің белсенді құқығы (яғни, елшілікті басқа елге немесе мемлекетке жіберу құқығы); елшіліктің бәсең құқығы (яғни, елшілікті өз мемлекетінде немесе өз елінде күтіп алу құқығы).

Негізінен "дипломат", "дипломатия" деген сөздер гректің "диплома" деген сөзінен шыққан [1].

Сонымен, дипломат дегеніміз: сыртқы істер министрлігінің қызметкері яғни өз мемлекетінің сыртқы саяси байланыстарын басқа мемлекет немесе мемлекеттермен жүзеге асыратын жеке тұлғаны айтамыз.

Қоғамның даму формациялары, яғни қоғамдық-экономикалық формацияның дамуына орай дипломатияның сыртқы саясатының әдістері мен ұйымдастыру нысандары мен мазмұнының өзгеруі байқалып отырған.

Құлиеленушілік қоғамның дамуы мен феодалдық қоғамның келіуімен аяқталған болатын. Содан кейін, ол буржуазиялық қоғамда орын алған. Бұл кезеңдерге төрт сыртқы саясат және дипломатияның жүзеге асырылуының нысандары мен әдістері тән болған. Сондықтан дипломатияның дамуын қарастыру барысында негізгі қоғамдық-экономикалық формациялардың дамуын ескеру қажеттілігі туындаған.

Құлиеленушілік кезеңіндегі мемлекеттердің дипломатиясы белгілі болмағанымен ежелгі кезең тарихынан халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыратын ең негізгі тәсілін құрған болатын. Ежелгі мемлекеттерде сыртқы саясаты жүзеге асыратын негізгі құрал ретінде халықаралық қарым-қатынастарды әскери құралдар, соғыс және әскери дипломатия басқарған болатын. Ежелгі Қытай, ежелгі Вавилон, ежелгі Египет сияқты ежелгі көне, антикалық мемлекеттердің тарихынан белгілі дипломатиялық қызметті жүзеге асырушы мемлекет өкілдері, басқа мемлекеттермен келесімге келіп, дипломатиялық сипатқа ие құжаттарға, келісімдерге немесе шарттарға қол қоюмен аяқталатын. Дипломатия нысаны мен сипатының қалыптасуы мемлекеттің дамуы кезеңдерімен байланысты болған. Шығыс елдерінде дипломатиялық қатынас патшалардың атынан жүргізіліп, олардың басшылық етуімен сипатталатын.

Құлиеленушілік демократия кезеңінде басқа елге арнайы миссиямен жіберілген Ежелгі Грекия елшілері, халық жиналысы отырыстарында сайланатын.

Олар халық жиналысында өздерінің міндеттерін жүзеге асырғандығы туралы есепті беретін болған.

Ежелгі Рим мемлекетінде халық жиналыстары соғыс пен бейбітшілік мәселелерін қарастырған болатын, ал, сенат органы Римнің ең басты органы ретінде сыртқы саясат пен дипломатияның жетекшісі ретінде танылатын.

Ежелгі Грекия өкілдері Фемисткл, Перикл, Филипп Македонский Грекияның бірігуіне күрескен, әскери қызметтердің жетекшісі ретінде дипломатиялық шеберлікті кеңінен қолданған болатын. Рим Республикасының өмір сүруінің соңғы ғасырында және Римдік империя алғашқы кезеңінде-ақ дипломатия мен сыртқы саясат жүргізуінде, орталық ірі держава құру мақсатында, жаңа жерлерді басып алуды көздеген. Шығыс елінен келе жатқан «варварларды» әлсірету және өзіндік империяны нығайту мақсатында басқа елдермен келісімге келуді мақсат еткен болатын. Құл иеленушілік кезеңнен феодалдық кезеңге өту барысында дипломатиялық қатынастар өзгере бастады [2].

Құлиеленушілік кезеңінің жалпы дағдарысы нәтижесінде «варварлық» тайпалардың ықпалынан Батыс Римдік империя құлап, Еуропада әскери-жер басыпалушылыққа қызығушылық етуші бірнеше

мемлекеттер пайда болды. Орта ғасырдың алғашқы жартысында нақты шекарасы бар мемлекеттер жоқ болатын, олар дер кезінде пайда болып, бірден жоқ болып кететін. Себебі олардың тұрақты немесе нақты анықталған шекаралары болмаған болатын. Бұл кезеңде дипломатия ірі феодалдық мемлекеттердің және княздардың қарамағында болатын. Әрбір ірі «сеньоридің» өзіндік сыртқы саясаты болатын және «жеке соғыс ашуға» құқылы болатын. Бұл кезеңде дипломатия қажеттілігіне қарай мемлекеттер арасында жерді иеленіп басып алуға қатысты пайда болған қақтығыстарды шешетін құралдың бірі ретінде қарастырылған еді.

Шығыс елдерімен қатар, Византияда Еуропаның феодалдық мемлекеттері және Ресеймен сыртқы қарым-қатынас үшін арнайы аппарат – дипломатиялық қоғам, церминал нысандарын өңдеуді жүзеге асыруға бел бұған. Феодалдық Италия елінің көрікті саясат қызметкерлерінің бірі Макиавелли (1469-1527 жылдар аралығында өмір сүрген) өзінің кезеңіндегі атақты дипломаттың бірі ретінде танылған. Макиавелли өзінің «Мемлекет басшысы» – атты трактатында дипломатиялық шеберліктің өзіндік теориясын құрастырған. Оның пайымдауы келесідей: «следует иметь в виду, что есть два рода борьбы: один – посредством законов, другой – силы. Первый свойствен людям, второй – зверям, но так как первый часто оказывается недостаточным, то приходится прибегать ко второму» [5].

Н.Макиавелли: «Мемлекеттік мүдде дипломатияның ең негізгі бастамасы болып табылады, сондықтан да оған жету үшін кез келген құралдарды пайдалану қажет» – деп есептейді.

Ол: – бұл дипломатияда жеңіске жету үшін ешбір құралдарды аямайтыны жайлы пайымдайды. Тарихта, Макиавеллидің есімі дипломатия дамуындағы тарихи кезеңімен байланыстырылады.

Орта ғасыр кезеңінде мемлекеттер ыдырап бастағанда әртүрлі мемлекеттердің саяси тіршілігінде шіркеудің маңызы күшеі бастаған. Рим папаларының көмекшілері болған. Оларды нунцийлер деп атаған. Нунцийлер қазіргі кезде де бар, олар әлі күнге дейін католик шіркеуінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. «Нунций» – сөзі латын тілінен аударғанда – «хабар беруші» деген мағынаны білдіреді. «Нунций» – қазіргі таңдағы барлық католик елдерінде – дипломатиялық корпус ретінде өз қызметін жүзеге асыруда. «Нунций» – римдік шіркеу кезеңінде ірі дипломатиялық жұмыстарды жүзеге асырған және қазіргі кезеңге дейін басым елдердің көпшілігінде дипломатиялық корпуста өзіндік орын алып келеді. Олар Франция, Италия, Батыс Германия және т.б. мемлекеттерінің дипломатиялық корпустарында да бар. Бірақ-та, тәртіпке сәйкес, орта ғасырда папа өкілдері уақытша өкілдер болатын яғни, белгілі бір уақытқа анықталған мисиямен сапарға шыққан болатын.

